



Бос дөңгелекке көкөністердің түстеріне сәйкес келетін әріптерді жаз.



Таңқурай мен бұлгірзендерді санап, санын  
дөңгелектің ішіне жаз.



Таңқурай



Бұлгірзен



Бұтаның артындағы құбыжықты қызғылт сары түске, бұтаның  
алдыңғы жағындағы құбыжықты сары түске, бұтаның ішіне  
жасырынған құбыжықты қызғылт түске боя.

Суреттердің орындары ауысып кеткен.

Сурет бойынша ретімен әңгімелеу үшін, оларды 1-ден 4-ке дейін нөмірле. Сантарды бас дөңгелектердің ішіне жаз.



# Мұны бірге жасаймыз!

## СӘБІЗДЕН ЖАСАЛҒАН КҮН БЕЙНЕСІ




### Маған не қажет?

- Сәбіз
- Пышақ

Көкөністен жасалған осы күн сенің тәрелкеңде сәулесін шашып тұрсын!




Сәбізді қабығынан тазартып, шикілей жеген дұрыс. Сәбізді қабығынан тазартып, тұрау үшін ересек адамның көмегі қажет. Оның бас және аяқ жағын кесіп ал. Содан соң күнге ұқсайтындай етіп бір дөңгелек бөлігін кесіп ал да, күннің шапағын сегіз ұзын таяқшадан жаса.




Сен білесің бе?

Сәбіздің құрамы «бета-каротин» деп аталатын құнарлы нәр көзіне бай. Ол күн көзінде ұзақ болған адамның терісін зиянды нәрселерден сақтайды. Қабығы неғұрлым қоңырқай, қызғылт сары болса, оның құрамында «бета-каротин» мөлшері көп болады.


Қызылт шаршыларға мына суреттерді 1-ден 4-ке дейін нөмірлеп алып, дұрыс бағыты бойынша орналастыр. Содан соң Сәбіз бикенің портретін суретте көрсетілген тәртіппен біртіндеп салып шық және оны боя.



Чили бұрышының бірнеше түрі бар. Қызылы – ең ащысы. Оны қайсысы жегелі жатыр? Жолдар арқылы бақылап көрсең, білесің! Содан соң әр құбыжықты өзінің таңдаған бұрышының түсіне сәйкестендіріп боя.



Төменде бейнеленген суреттердің, жоғарыдағы суреттерден сәл ғана айырмашылықтары бар. 5 айырмашылығын тауып, оларды айналдыраңыз!




# Мұны бірге жасаймыз!

## СӘБІЗДЕН ЖАСАЛҒАН КӨБЕЛЕК

### Маған не қажет?

- Жаңғақ майы (құрамына кіретін заттардың аз болғаны дұрыс: тек жаңғақтар, егер қаласаң тұз...)
- 1 алма
- 1 сәбіз
- Пышақ

Жаңғақ майы мен алма тілімдерінен қарапайым сэндвич жаса. Алманы тілімдеп кес, оларды ортасынан тең бөліктерге бөл. Алманың тілімдерін суретте көрсетілгендей етіп орналастыр да, оларға тазартылған сәбіздің 2 жарты бөлігін қос.



Сен білесің бе?

Табиғи

сәбізді таңдап ал:

ол дәмді, арзан және сенің денсаулығыңа, қоршаған ортаңа пайдалы, себебі оның құрамында химиялық қоспалар жоқ.

